

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Калинин А.В. Анализ развития и состояние малого и среднего бизнеса в мире // Экономика, предпринимательство и право. – 2011. – № 4. – С. 3–12.
- 2 Послание Президента Республики Казахстан Н. Назарбаева народу Казахстана 30 ноября 2015 г. «Казахстан в новой глобальной реальности: рост, реформы, развитие»: //www.akorda.kz.
- 3 Лю Сяомэй. Малый и средний бизнес в условиях глобализации мировой экономики: // <http://teoria-practica.ru>.
- 4 Официальный сайт Комитета по статистике Министерства национальной экономики РК: //stat.gov.kz.
- 5 Жунисова Л.Р. Развитие и поддержка малого бизнеса в Республике Казахстан // Институт сравнительных социальных исследований «ЦЕССИ-Казахстан»: //<http://articlekz.com>.
- 6 Назарбаев. Н.А. Кооперация должна быть централизована // Капитал. – 2016. – 9 сентября.

Аңдатпа

Шағын және орта бизнес әлем елдері экономикасының маңызды құрамдасы болып табылады. Дамыған елдерде оған өндірілетін ЖІӨ біршама үлесі тиесілі. Шағын және орта бизнес өкілдері материалдық әлеуметтік жағдайы жоғары деңгейіндегі орта тапқа жатады. Нәтижесінде аталған елдерде әлеуметтік тұрақтылықтың негізі жасалады. Шағын және орта бизнестің Қазақстандағы даму жағдайы қанағаттанарлықсыз болып отыр. Ел үкіметі оның дамуы үшін пәрменді шаралар қабылдаса да шағын және орта бизнестің ел экономикасындағы үлесі өте төмен. Қазақстанның шағын және орта бизнесі елдің ЖІӨ сәйкес сапалы үлесті қамтамасыз ете алмай отыр әрі ауқымды сапалы жетістіктері де жоқ. Шағын және орта бизнес жоғары технологиялы тауарлар мен қызметті аз өндіреді. Осыған байланысты елдегі шағын және орта бизнестің дамуының әлсіз деңгейінің себептерін анықтау қажет. Қазақстандағы шағын және орта бизнестің даму жолында тұрған кедергілерді айқындап алған жөн. Бұл үшін шағын және орта бизнестің жедел және тиімді дамуын айқындайтын барлық факторларды жан жақты зерттеу маңызды болып табылады. Қазақстандағы шағын және орта бизнестің дамуының тиімді тетіктерін жасау үшін өзекті шешімдерді табу – осы мақаланың ғылыми-практикалық мәнін айқындайды. Шағын және орта бизнес экономиканың маңызды бөлігін құрайды, бұл жалпы ішкі өнімнің өндірісін ұлғайтуға және сол арқылы елдердің бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға ықпал етеді.

Тірек сөздер: шағын және орта бизнес, факторлар, қаржыландыру, бәсекеге қабілеттілік, өндіріс, тұжырымдама, ынталандыру.

Abstract

Small and medium-sized enterprises (SME) are an important component of economics of the countries. In developed countries the SME account for the significant part of GDP. SME owners are considered as a middle class with high level of income. This results in a creation of the basis for social stability in mentioned countries. The SMEs' growth in Kazakhstan is unsatisfactory. Although the government is taking the actions on the SME sector, their contribution to the economy is extremely small. The problem of SME in Kazakhstan is its low level of contribution to GDP and is characterized by quality achievements. SME produce only a few high technological goods and services. Therefore it is necessary to identify the causes of slow growth of SME in the country. It is necessary to identify barriers against the SME growth in Kazakhstan. For this purpose it is important to research extensively all the factors which affect the rapid and effective growth of the SME. Finding key solutions for creating an effective mechanism of the SME growth in Kazakhstan defines the scientific and practical significance of the this article. Small and medium business represents an important part of the economy, contributing to an increase in the production of gross domestic product and thereby strengthening the competitiveness of countries.

Key words: small and medium-sized business, factors, financing, competitiveness, production, concept, stimulating.

Ф.М. КУЛЕМБАЕВА,¹
докторант.
А.М. СЕЙТКАЗИЕВА,¹
э.ғ.д., профессор.
«Нархоз» университеті¹

АУТСОРСИНГТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Андатпа

Аутсорсингті қолдану көптеген жылдар бойы бизнестегі жаһандық үрдістердің бірі болып табылады. Аутсорсинг бірнеше жыл бойы бизнестегі ғаламдық үрдіс болып табылады. Бұл бизнес-операцияларды жақсартудағы, бизнес-процесстерді оңтайландырудағы құрал, яғни, өндірістің тиімділігін көтеретін өнімді әдіс деп айтуға да болады. Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндіктерін іздестіру жағдайында аутсорсингке көбірек назар аударылады, ол кейде өндірістің тиімділігін арттыру әдісі ғана емес, сонымен қатар дағдарысты басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады. Аутсорсинг қазіргі заманауи әлемде – бизнесті жүргізудің қызықты әрі интенсивті дамып келе жатқан әдістердің бірі болып табылады. Сондықтан, аутсорсингті кәсіпорында тиімді қолданудан бұрын оның мәні мен мағынасын түсіну қажет. Соңғы кездері экономикалық ортада «аутсорсинг» деген ұғым кеңінен айтылып жатыр. Тәжірибе жүзінде аутсорсинг көптеген түрлі қызмет түрімен айналысатын шетелдік кәсіпорындарда ендіріліп отыр. Сонымен қатар, аутсорсинг туралы мәселелер түрлі кәсіпорындардың түрлі семинарлары мен презентацияларында айтылып келеді. Көптеген ғалымдар аутсорсингтің мән мағынасын тереңінен зерттеу жүргізуде. Қазіргі таңда аутсорсинг белсенді түрде дамып келе жатыр. Мақалада аутсорсингтің мәні мен экономикалық маңыздылығы, ресейлік және батыс елдері ғалымдарының аутсорсинг бойынша пайымдары теориялық тұрғыдан ашылды. Мақалада зерттеуші ғалымдардың 1985 жылдан 2014 жыл аралығындағы теориялық материалдары, анықтамалары және ұғымдары, сондай-ақ тәсілдері қолданылған.

Тірек сөздер: аутсорсинг, бәсекеге қабілеттілік, стратегия, бизнес-процесс, тиімділік, тұтыну.

Қазіргі жағдайында көптеген кәсіпорындар өздерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін нарыққа адал болып қалуға тырысады. Сондықтан қатаң бәсекелестік жағдайында өз орнын жоғалтпау үшін көптеген кәсіпорындар үнемі өздерінің өндірістік технологиялары мен басқару әдістерін жетілдіріп, нақты мәселелер бойынша инновациялық шешімдерді қажет етеді. Осы себепті аутсорсинг қызметтерін пайдалану өте маңызды. Бұл өнім сапасын жақсартады, проблемаларды тез шешуге және табысты, бәсекеге қабілеттілікті арттыруға және шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

Аутсорсинг бірнеше жыл бойы бизнестегі ғаламдық үрдіс болып табылады. Бұл тұтастай алғанда бизнес-операцияларды жақсартудағы, бизнес-процесстерді оңтайландырудағы құрал, яғни, өндірістің тиімділігін көтеретін өнімді әдіс деп айтуға да болады.

Сонымен қатар, кәсіпкерлікті дамыту мүмкіндіктерін іздестіру жағдайында аутсорсингке көбірек назар аударылады, ол кейде өндірістің тиімділігін арттыру әдісі ғана емес, сонымен қатар дағдарысты басқарудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Заманауи кәсіпорындар өздерінің бәсекелік артықшылықтарын сақтап, кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру үшін инновацияларды басқаруды үйренуі қажет. Технологиялық өзгерістерді басқару механизмдері пайда болғалы бері және оның даму кезеңдерінде мынадай екі үдерісті атап көрсетуге болады:

біріншіден, инновациялық бәсекелік артықшылықтар арқылы тұрақты өсімді қамтамасыз ету, яғни, жаңа ашылулар мен ғылымды коммерциялау;

екіншіден, әрбір жаңа технологиялық дәуір сол кезеңге сәйкес басқарудың жаңа әдістерінің пайда болуымен дамып отырды.

Аутсорсинг қазіргі заманауи әлемде – бизнесті жүргізудің қызықты әрі интенсивті дамып келе жатқан әдістердің бірі болып табылады. Танымал Wired журналының анықтауынша, бұл жаңа стратегиялық басқарудың негізі мынаған келіп тіреледі екен, «басқаларға қарағанда жақсы істей алатын нәрсемен айналысуды емес, бәрінен де бұрын тиімді сатып алумен айналысуға үйрету» [1]. Шынында да, барлығын бір уақытта жақсы (сапалы) деңгейде істеу экономикалық

тұрғыдан тиімсіз, тіпті мүмкін де емес, сондықтан әлемдік ірі фирмалардың басшылары өндірістік процесстерді мамандандыруда, тіпті бизнес процесстерді ұйымдастыру мен басқаруда қажетті кез келген сыртқы ресурстарды пайдаланатыны сөзсіз. Осылайша, компания өзінің бизнес процесстерінен (немесе бір бөлігінен) бас тартып және сол процесстерді жабдықтаушы-фирманың қызметін сатып алу арқылы жүзеге асырады. Мысалы, танымал, Генри Фордтың автокөлік зауыты құрылған кезде, көліктер мен көлік құралдарын 100%-ға жеке өзі шығарып отырған. Ал қазір Форд корпорациясы көлік құралдары мен қызметтерінің үштен екі бөлігін аутсорсингтан алатыны белгілі.

Тәжірибеде көріп жүргеніміздей, заманауи бизнесте аутсорсинг кең көлемде таралуда. 2015 жылы «TechnologyForecasters» журналы келесі мәліметтерді жариялаған болатын. «Қазіргі таңда шетелдік кәсіпорындардың минимум 90%-ы ең кемінде бір бизнес процессін жүзеге асыру үшін аутсорсингке жүгінеді».

Аутсорсингтің базалық тұжырымдамасы негізінен жаңадан ойлап табылған нәрсе емес және ол өзінің үш негізгі қағидасына сүйене отырып, жұмыс жасайды:

- 1) әркім өзінің жұмысымен айналысуы тиіс және тек қана соған икемделуі қажет;
- 2) алға қойған міндеттерді жүзеге асыруды, кім жақсы орындай алады, соған тапсыру;
- 3) мұндай еңбек бөлінісі тапсырыс берушінің қаражатын үнемдеп, орындаушыға пайда алып келеді.

Соңғысының растығына заманауи бизнесте кең тараған экономикалық статистиканы мысалға келтірсек жеткілікті: аутсорсингті пайдаланған кезде тапсырыс беруші фирма сол өнімді өзі өндіргенмен салыстырғанда тікелей шығындары екі есеге қысқарады. Қазіргі таңда аутсорсинг кез келген компанияға қажетті барлық кәсіби деңгейдегі қызметтерді тиімді келісімшартпен алуға, сонымен қатар динамикалық өсуді сақтап, төмен шығындар мен экономикалық өсудің қосымша әлеуетін қалыптастырады.

«Аутсорсинг» термині 1980 жылдары пайда болды. Термин қазіргі таңда бизнесмендер әңгімелерінде, кеңесшілердің презентацияларында, газеттерде, кейбір әдебиеттерде кездеседі. Құрал ретінде көп назар аударылуда. Халықаралық PWC кеңесшінің Шетелдік және ресейлік топ-менеджерлердің жылдық жүргізген сауалнамасына сәйкес 2014 жылы 11% ғана Ресейлік кәсіпорындар аутсорсингті қолданғысы келді және 9% ғана қызметтерін компанияға қайтып алғылары келді. Ал 2015 жылы 22% Ресей топ-менеджерлері аутсорсинг бизнесті қайта құрудағы қадам екенін қарастырды. «Аутсорсинг» келесідей түсінік береді «сыртқы көздерді пайдалану», яғни қандай да бір қызмет түрлерін басқа кәсіпорын атқарып жүзеге асырып береді. Тәжірибе бойынша «аутсорсинг» «шет жақта» деген мағынаны білдіреді. Ол дегеніміз келесідей болуы мүмкін:

- ◆ өз міндеттерін орындау үшін шет кәсіпорындардың қызметтерін қолдану;
- ◆ қаржылық және банктік мәліметтерді өңдеу үшін сыртқы ұйымды қолдану;
- ◆ өз мәселелерін шешу үшін сырттан ресурстрады тарту;
- ◆ жұмысшыларды еңбек келісім шартсыз уақытша қолдану;
- ◆ компания техникаларына ремонт жүргізу үшін сыртқы фирмандан мамандар жалдау;
- ◆ ішкі қызмет түрлерін бөліп беру [2].

С. Ефимова, Т. Пешкованың пайымдауынша аутсорсинг – бұл тікелей ұйымдық сұрақтарды қамтиды және қандай да бір бизнес-үрдіс бөлігін немесе бизнес-қызмет түрін шеткі жалдамалы кәсіпорынға беру бойынша міндетті түрде кәсіпорын басшысы қабылдайтын шешім болып табылады.

Slack & Lewis пайымдауынша аутсорсинг – бұл стратегия. Стратегия бірнеше облыстарды қамтиды, сондықтан нақты кезеңдерден тұрады. Стратегияның жартысы – мақсатты өнімділікті түсіну (сонымен қатар кейбір авторлар «бәсекелік артықшылықтар» деп атауы мүмкін). Мақсатты тиімділікке қол жеткізу ол жоспарланған стратегияның тиімділігін қамтамсыз етеді және нарықтың талаптарын қанағаттандырады [3].

Әдебиеттің көбі аутсорсингті қолдану себебін үнемдеумен түсіндіреді. Bers, 1992; Harler пайымдауынша аутсорсинг шығындарды төмендету мақсатында қолданады. Мысалы, Австралияның 7500 қоғамдық кәсіпорындары жинастыру (уборка) жағынан аутсорсингтік қызметін пайдалану арқылы, ішкі қызметінің орындалуымен салыстырғанда 46 пайыз үнемделді деп көрсеткен [4].

С. Календжян жазғандай, аутсорсинг қосымша бәсекелік артықшылықты қамтамасыз ететін кәсіпкерліктің заманауи моделі. Бұл артықшылықтардың басты көзі – нарықта жетістікке жету үшін өзге компаниялардың ресурстарын (материалды және материалдық емес) пайдалану.

Алайда біраз экономикалық әдебиеттерде аутсорсингтің көптеген анықтамалары бар:

- ♦ өзінің бизнес-процесстерінен бас тартып және осы бизнес-процесстерді жүзеге асыру үшін басқа компаниядан тиімді түрде сатып алу;

- ♦ кооперация;

- ♦ жабдықтаушы жұмыстар (мысалы, құрылыста);

- ♦ арнайы мамандандырылған агенттік арқылы еңбек келісім-шартынсыз уақытша жұмысшыларды жалдау;

- ♦ компанияны ауыстыру, ақпараттық технологиялар саласында жұмыс істейтін фирмалар операцияларының бір бөлшегін шетелдік мамандардың еңбегін пайдалану мақсатында ауыстыруы;

- ♦ коммерциялық операциялар кезінде банктік және басқа да қаржылық мәліметтерді өңдеуде сыртқы ұйымдардың көмегін пайдалану.

Аутсорсинг түсінігі туралы отандық және шетелдік әдебиеттерде және басқа да көптеген түсініктемелер мен тұжырымдар берілген. Айтылған пікірлер мен тұжырымдамаларды келесі кестеден (1-кесте) көре аламыз.

Кесте 1 – Аутсорсинг бойынша тұжырымдамалар

Harrigan, 1985	Тауарлар мен қызметтерді өндіруге қажетті материалдар мен қызметтерді жеткізу үшін алуан түрлі «сатып алу шешімдері»
Loh and Venkatraman, 1992	Пайдаланушы ұйымының ақпараттық технология инфрақұрылымымен байланысты физикалық және/немесе адам ресурстарын сыртқы жеткізушілермен қамтамасыз етілуі
Quinn and Hilmer, 1994	Кез-келген фирманың ажырамас бөлігі болып саналатын, соның ішінде негізгі мүмкіндіктердің бір бөлігі болмаған жағдайда сыртқы қызметті сатып алу
Ventura, 1995	Тәуелсіз фирмалармен алмасу қатынастары негізінде тұрақты ынтымақтастық туралы келісім жасалуы мүмкін
Lei and Hitt, 1995	Ол қосымша құндылықтарды құрайтын қосымша өндірістік компоненттерді және басқа да іс-әрекеттерді жасауға сыртқы мүмкіндіктер мен дағдыларға сенеді
Bailey et al., 2002	Қажетті нәтижелермен қамтамсыз ету үшін нақты қызмет түрлерін беру
McCarthy and Anagnostou, 2004	Аутсорсинг деген, бұл тек қызмет түрін сатып алу ғана емес, сонымен қатар іскерлік қызмет түрі мен осыған байланысты біліммен сыртқы ұйымды қамтамасыз етудегі жауапкершілік
Espino-Rodríguez & Padrón-Robaina, 2006	Аутсорсинг – бұл бәсекеге қабілетті артықшылықтарды арттыру мақсатында тауарларды өндіру мен қызмет көрсетуді келісім бойынша жүзеге асырылатын бизнес-процесстермен қызмет түрлерін беру бойынша стратегиялық шешім
Ошри, Котлярский и Вилкокс, 2011	Белгілі бір уақыттың ішінде жұмыс көлемін, қызмет көрсетудің құны мен ұзақтығын басқару және аяқтау үшін үшінші қызмет жеткізушісімен келісімшарт бойынша жасау аутсорсингті анықтайды
PETRONILA A OGOLA, 2013	Аутсорсинг – бұл цифрлық құрамнан редакциялық қызметке дейін жарияланған функцияларының ауқымында кең таралған тәжірибе. Ол экономикалық пайда мен икемділікті қамтамасыз етеді, сонымен қатар жаңа дағдыларды үйренуде түрлі технологияларға мүмкіндік береді
Демесінов Т.Ж., 2014	Аутсорсинг келісімшарттарда көрсетілген мерзім ішінде өзінің бизнес-процесстерінен бас тарту және бұл бизнес-процесстерді жүзеге асыру жөніндегі қызметтерді басқа компаниядан сатып алу

Айтып өтетін болсақ, «аутсорсинг» түсінігінің әлемдік ортақ нақты қағида, ережелері қалыптаса қойған жоқ. Американдық экономистер Р. Чапмэн және К. Эндрейд «бұл термин кез келген іскерлік белсенділікті арттыру бағытындағы іс-шаралардың бәріне қолшатыр сынды пайдаланылады», – дейді. Канадалық экономист Г. Кассиди аутсорсингтің басты ерекшелігі келісімшарт арқылы міндеттерді екінші тарапқа беру дей отыра, «contractingout» терминін енгізуді ұсынады [5].

Аутсорсингті жіктеп қарастыруға болады. Көптеген ғалымдар аутсорсингті келесідей жіктеп көрсетеді:

- ◆ функционалды (басқару функциясын беру);
- ◆ операциялық (өндірістік функцияларды беру);
- ◆ ресурстық (өзге компаниялардың ресурстарын пайдалану).

Сонымен қатар, аутсорсингтің келесі жіктемесі қызықты әрі кең тараған.

Толық аутсорсинг (мысалы, фирма өзінің жабдықтаушысына интернет желісіндегі күнделікті операцияларды береді. Оның ішіне веб-сайтты жасау, оны ақпараттармен толтырып, жүргізіп отыру қызметтері кіреді).

Ішінара аутсорсинг (кәсіпорын өзі жүзеге асыратын қызметтің бір бөлігін береді, мысалы, веб-сайтты жасау, ал қалған барлық стратегиялық өңдеу, оны тәжірибеде енгізу компанияның өзінде қалады).

Жетілдірілген аутсорсинг (нарықта танымал фирма бірқатар функцияларды жабдықтаушыға бере отырып, басқарушы компанияның рөлін өзіне қалдырады).

Ресейлік ғалым, экономист В.И. Долгий өзінің бір мақаласында мынадай бір фактқа назар аударады: «Базалық қасиеттерді бағалаудың арасында мыналарды ерекшелеп: компанияның нарықта алатын үлесі, жаңа қызмет немесе өнім түрлерін игере алу мүмкіндігі, жұмысшылар саны және т.б. Аталған барлық көрсеткіштерді бәсекелестердің бизнес процесстерін аутсорсингке бергеннен кейінгі нәтижелерімен салыстыру». Міне осыдан кейін барып аутсорсингті мақсатты пайдалану мен тиімділігі туралы қорытынды жасалынады. Бұл әдістің артықшылығы оның ең тиімділігінде, өйткені ол бәсекелестердің мысалында қарастырылып, оның жеткен жетістіктерін сараптап, аутсорсингті тиімді жүзеге асыру технологиясын сандық және сапалық жағынан бағалауға мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның табысты жұмыс істеуі үшін олардың шығынының тиімді жұмсалуды, нарықта бәсекеге қабілетті болу маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ал, қазіргі ғаламдану жағдайында, экономикалық даму жағдайында аутсорсинг кәсіпорынның шығындарын төмендетуге мүмкіндік беріп қана қоймай, сапалы қызмет көрсету мен компанияның табыстылығын арттыруға, жаңадан енген техника-технологияларды пайдалануға, нарықта бәсекеге қабілетті болуға өз үлесін қосады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Аалдерс, Р. IT-аутсорсинг: тәжірибеде пайдалануға нұсқаулық.
- 2 Филина Ф.Н. Аутсорсинг бизнес-процессов. Проблемы и решения [RTF]: <http://www.twirpx.com/file/1637044/>.
- 3 Slack N., Lewis M. (2008). Operations Strategy, 2 nd Edition, Harlow, Prentice Hall.
- 4 Kremic T., Tukul O.I., & Rom W.O. (2006). Outsourcing decision support: a survey of benefits, risks, and decision factors. Supply Chain Management: An International Journal, 11(6), 467–482: <https://doi.org/10.1108/13598540610703864>.
- 5 Вайнштейн В. Российский аутсорсинг в зеркале мирового опыта: <http://www.cio-world.ru>.

Аннотация

Применение аутсорсинга выступает одной из глобальных тенденций в бизнесе в течение многих лет. Его можно назвать продуктивным подходом к совершенствованию бизнес-модели, оптимизации бизнес-процессов и инструментом повышения эффективности производства. Более того, в случае необходимости дальнейшего развития предпринимательской деятельности предпочтение отдается прежде всего аутсорсингу, который является не только методом повышения производительности, но и неотъемлемым элементом процесса управления кризисом. Аутсорсинг – один из самых привлекательных и востребованных методов ведения бизнеса в современном мире. Поэтому важно понимать значение и смысл аутсорсинга для его целесообразного применения на предприятии. В последнее время значимость применения «аутсорсинга» широко обсуждается в экономической среде. Обращается внимание, что аутсорсинг внедряется на иностранных предприятиях, занимающихся абсолютно различными видами деятельности. В то же время вопросы применения аутсорсинга обсуждаются на различных семинарах и презентациях с участием множества предприятий. Многие ученые закономерно оказались широко вовлеченными в исследования проблем аутсорсинга. В настоящее

время аутсорсинг активно внедряется. В статье рассмотрена экономическая суть и практическая значимость аутсорсинга, а также изучена теоретическая составляющая данного явления на основе взглядов российских и западных ученых. В статье использован теоретический материал, определения и понятия, а также подходы ученых исследователей за период с 1985 по 2014 гг.

Ключевые слова: аутсорсинг, конкурентоспособность, стратегия, бизнес-процесс, эффективность, потребление.

Abstract

Use of outsourcing is considered as a global tendency in business during long period. It can be called as a productive approach for business model enhancement, within that is optimization of business processes, and as a tool for improving of production efficiency. Moreover, in the case of need for further development in commercial activities, outsourcing is considered as the best way not only for productivity improvement but for crisis management implementation. In today's world, outsourcing is one of the most attractive and beneficial methods of doing business. So, it is very important to understand meaning and essence of outsourcing for its fruitful use in enterprise activities. Nowadays the necessity of outsourcing use is widely discussed by economists and managers. It is paid attention on the fact that outsourcing is being actively implemented in foreign companies from absolutely distinctive spheres of business. As a result many scientists have been widely involved in investigation of outsourcing aspects. At the present time outsourcing is being actively implemented. There was examined economic essence, practical importance in the article and a theoretical fundament of the problem on the basis of Russian and Western scientists approach. Theoretical material, definition, terms, and scientific approach of articles from 1985 to 2014 were used in the article.

Key words: outsourcing, competitiveness, strategy, business process, efficiency, consumption.